

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Экономика және бизнес жоғары мектебі  
Қаржы және есеп кафедрасы

**ID 101525 Қаржылық және басқарушылық талдау  
пәні бойынша  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

«6B04105 – Есеп және аудит»  
білім беру бағдарламасы  
3-курс

Алматы 2025 ж.

Құрастырушы:

Оралбаева Ж.З.,  
«Қаржы және есеп» кафедрасының  
Профессор м.а.

---

«Қаржылық және басқарушылық талдау» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу  
бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды «14» 01 2025 ж., хаттама №9

## **КІРІСПЕ**

«Қаржылық және басқарушылық талдау» пәні бойынша қорытынды емтихан семестр соңында, 15 аптаның қорытындысы ретінде стандартты **жазбаша түрде** оффлайн режимде өткізіледі.

Студенттің жазбаша емтихан тапсыру процесі оқытушы тарапынан емтихан сұрақтарын 3 блок бойынша алдын ала универ жүйесіне енгізуін талап етеді:

1 блок – оқыту объектісін білу мен түсінуді бағлау мақсатындағы когнитивтік құзыреттілік сұрақтары, 30 баллға бағаланады.

2 блок – ақпаратты қолдану және талдау мүмкіндігін бағалау үшін қойылатын функционалдық құзыреттілік сұрақтары, 30 баллға бағаланады.

3 блок – жүйелік құзыреттілікті бағалау мақсатында берілетін нақты практикалық есептерден тұрады, 40 баллға бағаланады.

Әр студентке берілетін сұрақтар автоматты түрде қалыптастырылады. Экономика және бизнес Жоғары мектебінің әкімшілігі тарапынан қағаз нұсқасында емтихан сұрақтарынан құралған билет әр студентке жеке беріледі.

**Емтиханның ұзақтығы:** 2 сағат уақыт беріледі.

**Емтихан тапсыруды бақылау:** Емтихан өткізілетін аудиторияда емтиханды жазу барысы Жағдаяттық орталық бөлімі тарапынан бейне бақылау арқылы қадағаланады.

**Емтиханды өткізу тәртібі:** Жазбаша емтихан өткізу мерзімі мен уақыты арнайы емтихан кестесіне сәйкес анықталады.

1. Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студенттер өздерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттарын көрсетуі тиіс, емтихандағы кезекші студенттің емтиханға келгендігіне көз жеткізіп, емтиханға келу парағына студенттің қолын қоюын қадағалайды.

2. Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын топтың барлық студенттері емтихан өтетін аудиторияда болуы тиіс. Емтиханға кешігіп келген студент емтиханға жіберілмейді. Себеппі жағдайлар бойынша емтиханнан қалған студенттерге «I» (Incomplete) бағасы қойылып, растаушы құжаттармен дәлелден болса ғана кейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі

3. Емтихан басталғаннан кейін екі сағат бойы студент билет сұрақтары бойынша жауаптарын жазып, емтихан кезекшісіне өткізеді. Емтихан кезекшісі студенттердің жауаптары жазылған емтихан парақтарын деканатқа өткізеді.

Емтиханның жауап парақтарын оқытушы тексеріп, бағалайды, деканат мамандарының көмегімен жауап парақтарында көрсетілген кодтарына сәйкес аты-жөнін анықтап, универ жүйесінде баллдарды сақтайды. Емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде студенттердің баллдары сақталуы тиіс.

### **Емтиханды тапсыру кезінде студенттер меңгеруі тиіс:**

- 1 Қаржылық талдаудың қажеттілігін, негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асырудың реттілігі мен өзара байланыстарын сипаттау;
- 2 Ұйымның баланс мәліметтері негізінде қаржылық жағдайын талдау және қорытынды жасау;
- 3 Ұйымның қаржылық нәтижесі мен қаржылық жағдайындағы өзгерістерге баға беру;
- 4 Ұйым деңгейінде басқару шешімдерін қабылдау кезінде экономикалық сұрақтарды шешуге арналған басқарушылық талдаудың аналитикалық құралдарын пайдалану;
- 5 Жүргізілген талдау материалдары негізінде ұйым қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық және жедел басқару шешімдерін дайындау.

## **ЕМТИХАН ТАПСЫРУҒА АРНАЛҒАН БИЛЕТТЕР ТӨМЕНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:**

- Д1.** Қаржылық талдаудың теориялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері
- Д2.** Баланс деректері бойынша ұйым мүліктері мен оларды қалыптастыру көздерінің құрамы мен құрылымын талдау әдістемесі
- Д3.** Ұйымның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін талдау
- Д4.** Ұйымның қаржылық тұрақтылығын, іскерлік белсенділігін бағалау және рентабельділік көрсеткіштерін талдау
- Д5.** Пайда мен залал туралы есепті талдау
- Д6.** Ақша қаражаттарының қозғалысы және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептерін талдау
- Д7.** Қаржылық есептілік көрсеткіштері негізінде ұйымның банкрот болу ықтималдылығын диагностикалау
- Д8.** Басқарушылық талдаудың мәні және оның ұйымды басқару жүйесіндегі орны
- Д9.** Ұйымның маркетингтік қызметін талдау
- Д10.** Өнімдерді өндіру және сатуды талдау
- Д11.** Негізгі құралдардың пайдаланылуын талдау
- Д12.** Еңбек ресурстарының пайдаланылуын талдау
- Д13.** Материалдық ресурстардың пайдаланылуын талдау
- Д14.** Өндіріліген өнімнің өзіндік құнын талдау
- Д15.** Өндіріс көлемі, шығындар және ұйым қызметінің нәтижелері арасындағы өзара тәуелділікті талдау

### **ПӘН БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛЫҚ СҰРАҚТАР:**

1. Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеттері және қаржылық және басқарушылық талдау айырмашылықтары
2. Қаржылық талдау әдістері және олардың әрқайсысының мәндерін ашып көрсету үшін қысқаша есептеулер
3. Қаржылық есептілік нысандарының қаржылық талдаудың ақпараттық көзі ретіндегі маңызы
4. Қаржылық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету көзі ретінде бухгалтерлік баланстың мазмұны
5. Ұйым балансын талдаудың мақсаты мен міндеттері, шартты мәліметтер негізінде есептеулер жүргізу
6. Балансты оқу әдістемесі және бухгалтерлік баланстың бөлімдері арасындағы өзара байланыстар
7. Ұйым активтерін сипаттау және олардың құрамы мен құрылымын талдау барысында қолданылатын коэффициенттерді есептелу жолдары
8. Бухгалтерлік балансты экспресс-талдаудың мақсаты, міндеттері және жүргізу кезеңдері
9. Ұйым балансын тереңдетіп талдаудың мақсаты және тереңдетілген талдауды жүргізу кезеңдері
10. Ұйымның қысқа мерзімді активтердің құрамы мен құрылымын анықтау
11. Ұйымның ұзақ мерзімді активтердің құрамы мен құрылымы
12. Капитал түсінігін және оны қалыптастыру көздері
13. Өтімділік түсінігі және баланс активін өтімділігіне, пассивін төлем жеделдігіне
14. қарай топтастыру
15. Банкроттық және оның негізгі пайда болу себептері
16. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің мәні: қаржылық, инвестициялық, операцияндық қызметтер
17. Ұйымның төлем қабілеттілік түсінігі, төлем қабілеттіліктің динамикалық және

статикалық көрсеткіштерін есептеу формулалары

18. Ұйым балансының өтімділігін талдау мақсаты, жалпы өтімділік коэффициентін есептеу жолы

19. Ұйымның несиелік қабілетін бағалауда барысында қолданылатын қаржылық коэффициенттер және олардың есептеу жолдары

20. Ұйымның банкроттық ықтималдығын бағалау үшін нақты анықталған көрсеткіштер жүйесі

21. Банкроттық түсінігі және банкроттық белгілерін талдау үшін қолданылатын көрсеткіштер жүйесі

22. Ұйымның қаржылық нәтижесін талдаудың міндеттері және ақпарат көздері

23. Ұйым капиталының рентабелділігі

24. Тік және көлденең талдау әдістері

25. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын талдау кезінде қолданылатын көрсеткіштер жүйесі

26. Қаржылық тұрақтылық түсінігі және оған әсер ететін факторлар

27. «Пайда мен зиян туралы есептің» мәні және құрылымы

28. Ұйымның төлемқабілеттілігін бағалауда барысында қолданылатын қаржылық коэффициенттер және олардың есептеу жолдары

29. "Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы" есептің мәні және құрылымы

30. Ұйымның меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есебін талдау

31. Ақша қаражаттарының ағымы түсінігі және ақша ағымына қатысты талдау әдістемесі

32. Ұйымның қаржылық нәтижесін анықтау және талдау

33. Рентабельділіктің көрсеткіштерін есептеу тәртібі, маңызы және рентабельділікті арттыратын факторларды анықтау

34. Қаржылық есептілік негізінде қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштерін талдау

35. Іскерлік белсенділік түсінігі және айналымдылық коэффициенттерін есептеу

36. Қаржылық есептілік негізінде ұйымның іскерлік белсенділігін талдау

37. Баланс активтерін өтімділігі және міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша топтастыру және өтімділік көрсеткіштерін талдау

38. Маркетингтік қызметті талдаудың маңызы мен міндеттері.

39. Нарықтағы тауарлар жағдайын талдау.

40. Өнімге деген сұранысты талдау.

41. Сұраныссыз тауарлар тәуекелін бағалау.

42. Өнімдерді сату нарығын талдау.

43. Баға саясатын талдау.

44. Басқарушылық талдаудың мақсаты мен міндеттері.

45. Басқарушылық талдаудың мәні мен атқаратын рөлі.

46. Өнімдерді өндіру мен сатуды талдаудың міндеттері және ақпарат көзі.

47. Өнімдерді өндіру мен сату динамикасын бағалау.

48. Басқарушылық талдаудың объектілері және әдістері

49. Қаржылық және басқарушылық талдаудың өзара байланысы.

50. Басқарушылық талдаудың ақпараттық көзі.

51. Басқарушылық талдаудың мазмұны, негізгі кезеңдері және ерекшеліктері.

52. Негізгі құралдармен жабдыкталуды талдаудың мәні, маңызы мен міндеттері.

53. Негізгі қорлардың қозғалысын және техникалық жағдайын зерттеу.

54. Қор қайтымдылығы мен қор сыйымдылығын талдау.

55. Өндірістік жабдықтармен қамтамасыз етілуін және олардың пайдаланылуының тиімділігін талдау.

56. Тозу, жарамдылық және шынайы құнының коэффициенттерін есептеу әдістемесі.

57. Ұйымның қажетті еңбек ресурстарымен қамтамсыз етілуін және олардың тиімді пайдаланылуын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі.

58. Еңбек ресурстарына деген қажеттілікті анықтау және ұйымның кадрлық саясатын жақсарту жөніндегі шешімін негіздеу.

59. Жұмыс уақытының пайдаланылуын талдау.Еңбек ақы төлеу қорын талдау.

60. Қорлар мөлшерін жоспарлау және бақылау:

61. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін талдау.

62. Өндірістің материал сыйымдылығын өзгертетін факторларды жіктеу.

63. Материалдық ресурстардың тиімділігін арттыру резервтерін жинақтау.

64. Өнімнің өзіндік құын төмендететін факторларды анықтау

65. Жеке өнімнің өзіндік құнын талдау

66. Өндіріс көлемінің тепе-теңдік нүктесі.

67. Шекті шығындар мен табыстар түсінігі.

68. Шешім қабыладудағы релевантты шығындар.

69. Шешім қабылдау және шектеуші факторлар.

70. Өзі өндіру немесе сатып алу жөнінде шешім қабылдау.

71. Өнімдерді сату рентабельділігі.

72. Өнімнің өзіндік құнын қалыптастырушы факторлардың әсерін талдау.

#### **ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАРДЫ БАҒАЛАУ САЯСАТЫ**

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең жоғары - 100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа - 30 балл, екінші сұраққа – 30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**  
**БАКЛАВРИАТ ДӘСТҮРЛІ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

Пән: Қаржылық және басқарушылық талдау. Форма: дәстүрлі жазбаша/оффлайн. Платформа: - Универ

| №                             | Критерий / Балл                                                                   | ДЕСКРИПТОРЛАР                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                            |
|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               |                                                                                   | Өте жақсы                                                                                                                                                                                                                                   | Жақсы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Қанағаттанарлық                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қанағаттандырылғысыз                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                            |
|                               |                                                                                   | 90–100% (27-30 балл)                                                                                                                                                                                                                        | 70–89% (21-26 балл)                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 50–69% (15-20 балл)                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 25–49% (8-14 балл)                                                                                                                                                                                | 0–24% (0-7 балл)                                                                                                                           |
| <b>1-сұрақ, max – 30 балл</b> | <b>Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну</b>                       | Жауап барлық үш сұрақтың толық ашылуын (алынған білім шегінде), әр тұжырым мен тұжырымның егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтиды, логикалық және дәйекті түрде құрылады, аудиториялық сабақтардың дамыған тақырыптарының мысалдарымен расталады. | Жауап барлық сұрақтарға аса толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтиды, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді, ал теориялық сұрақтар иллюстрациялық материалмен расталмайды. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін. | Жауап билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымайды, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, жауаптың баяндамасында композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен көрсетпейді. | Қойылған сұрақтарды дұрыс жеткізбеу, қате дәлелдеу, нақты және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасау.                                                                                    | Қаржылық талдауды ұйымдастырудың негізгі ұғымдарын, заңдарын білмеу; Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.                            |
| <b>2-сұрақ, max – 30 балл</b> | <b>Тандалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану</b> | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін қаржылық талдауды ұйымдастырудың практикалық мәселелерін шешу;                                                                              | Оқу тапсырмасын ішінара орындау, қаржылық есептілікті талдауды ұйымдастырудың практикалық міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелді жауап беру; қаржылық талдауды ұйымдастыру бейіндегі тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;                                                                        | Материал фрагментті түрде баяндалады, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, қаржылық талдауды есеп профилі туралы теориялық білім үстірт қолданылады.                                                                                                                     | Есепті шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктерді қабылдау. | Есептерді шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және жалпылау жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
| <b>3-сұрақ, max – 40 балл</b> | <b>Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын</b>         | Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, әдеби тілдің нормаларын                                                                                                     | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы                                                                                                                                                                   | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер,                                                                                                                                                                                          | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен                                                                                          | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау                                                                             |

|  |                |                                                                                                                                                                  |                        |                                                                             |                              |                                                                                          |
|--|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <b>бағалау</b> | сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі, негіздеу нәтижелерін графикалық деректер арқылы визуализациялау. | деңгейіне әсеретпейді. | сондай-ақ қаржылық есептілікті талдау нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар; | дәлелдер нашар пайдаланылды. | материалдары мен құралдары пайдаланылмады.<br>Қорытынды бақылаужүргізу қағидаларын бұзу. |
|--|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|

## **ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қаржылық талдау: оқу құралы / Р. Е. Джаншанло, М. Байдаулетов, Э. А. Актуреева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 287 б.
2. Басқарушылық талдау : [Мәтін] : оқу құралы / Р. Е. Джаншанло, А. З. Арыстамбаева ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 229 б.
3. Қаржылық есеп беруді талдау: оқу құралы / С. А. Исакова, И. Т. Айнабекова; ҚР Білім және ғылым м-гі, М. Х. Дулати атын. ТарМУ. - Тараз: Тараз ун-ті, 2018. - 184 б.
4. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау: оқу құралы / Ж. З. Оралбаева, А. З. Арыстамбаева; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2019. - 185 б.
5. Кәсіпорын қызыметін экономикалық талдау: оқу құралы / Г. А. Садыханова, Д. Ж. Рахматуллаева, Д. Р. Тураров; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 128 б.

Интернет-ресурстар:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. [www.audit.kz](http://www.audit.kz),
3. [www.paragraf.kz](http://www.paragraf.kz),
4. <http://online.zakon.kz>